


**№43 ҚББМО Мектеп психологінің 2024-2025 оқу жылының ЕБҚ бар оқушыларымен
атқарған жұмыстарының
АНЫҚТАМАСЫ**

Анықтама 1

Кіріспе сабақ. Сәлемдесу және танысу. Жайлылық пен сенімділікті қалыптастыру.
Жағымды әуен мен ортада медитация өткізу



Анықтама 2

Топтық жұмыс. Топтық жұмыс оқушыларды бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуге,
көзқарастарын сыйлауға және ортақ мақсаттарға жетуге бағыттайды.



Анықтама 3

Оқушылардың назарын басқару және әртүрлі аспектілерін бағалау процесі. Зейіннің қалыпты дамуы баланың оқу, жұмыс істеу, әлеуметтік қарым-қатынас құру сияқты маңызды қызметтерінің негізін құрайды.



Анықтама 4

Ес — бұл адамның ақпаратты қабылдау, сақтау, қайта шығару және қолдану қабілеті. Ес адамның өміріндегі әртүрлі тәжірибелерді сақтау және оларды қажетті жағдайда қолдану үшін қажет. Ес адамның психикалық қызметінің негізгі компоненті болып табылады, себебі ол өткен тәжірибені болашақта қолдануға мүмкіндік береді.



Анықтама 5

Ес үш негізгі кезеңнен тұрады: ақпаратты қабылдау, сақтау және еске түсіру. Ес қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді, сондай-ақ ол вербальды, визуалды және процедуралық түрлерге де бөлінеді.




Анықтама 6

Топпен жұмыс жасауға үйрету. Жағымды қарым-қатынас орнату және белсенді қарым-қатынас стилін меңгерту, қарым-қатынас кезінде оқушылардың өзара әрекеттестіп, түрлі жағдайларды шешуге көмектесу



Анықтама 7

Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау.



Анықтама 8

20 қараша- дүниежүзілік бала қорғау күніне орай педагог-психолог Сапарғалиева А.Б. 2 сынып оқушысы және анасымен “Балаға сүйіспеншілікпен” тақырыбында тренинг жүргізді. Ата-ана үшін баланың ең үлкен байлық екені сөзсіз. Балаларға деген шексіз махаббат, түсіністік пен қолдау олардың жүрегінде жарқын болашақтың негізін қалайды. Әрбір мейірімді қадам мен жылы сөз — олардың өміріне қуат пен сенім береді. Тек махаббатпен біз оларға жақсы тәрбие мен болашақ сыйлаймыз!

#балағасүйіспеншілікпен



Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DCltsfzOAKS/?igsh=dWE0M3h3cXR2Z25y>

Анықтама 9

Эмоционалды жай күйді анықтау үшін арнайы эмоционалды карталар немесе эмоционалды күй карталары қолданылады. Карточкалар баланың қазіргі күйін түсіну үшін түрлі эмоцияларды көрсету үшін қолданылуы мүмкін. Әрбір карточкада белгілі бір эмоция немесе сезім бейнеленген. Мысалы, карточкаларда қуаныш, ашу, қайғы, қорқыныш, алаңдаушылық, тыныштық сияқты сезімдер мен эмоциялар көрсетіледі.



Анықтама 10

Агрессияны басу — адамның агрессивті сезімдері мен әрекеттерін бақылау, басқару немесе төмендету процесі. Агрессия адамның физикалық немесе эмоционалды күйіне, сонымен қатар сыртқы ортаға байланысты туындайды. Агрессияны басқарудың маңызды аспектілері — өзін-өзі бақылау, эмоциялар мен күйзелістерді тиімді реттеу



Анықтама 11

Балалар құм терапиясы арқылы өз сезімдерін, қорқыныштары мен алаңдаушылықтарын ашық түрде көрсетеді. Бұл әдіс балалардың психоэмоционалды жағдайын жақсартуға көмектеседі.



Анықтама 12

Ұсақ қол моторикасы — адамның қолындағы ұсақ бұлшықеттердің қозғалысы мен үйлесімділігін реттеу қабілеті. Бұл дағды балалардың дамуы үшін өте маңызды, өйткені ол күнделікті өмірде көптеген әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді, мысалы, жазу, сурет салу, заттарды ұстау, тамақ жеу, ойыншықтармен ойнау



Анықтама 13

Логикалық қабілетін анықтау барысы, бірнеше текшелер арқылы әртүрлі сөздерді жылдамдыққа құрастыру.



Анықтама 14

Бір сынып оқушылары арасындағы психологиялық ахуалды оңалту мақсатында топтық жұмыстар жүргізілді



Анықтама 15

ЕБҚ балаларда қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есте сақтау арасында айырмашылықтар болуы мүмкін. Есте сақтау деңгейін анықтау



Анықтама 16

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында мектеп психологы А.Сапарғалиева ЕБҚЕ балаларымен жеке тақырыптық сабақ өткізді. Сабақтың тақырыбы: «Агрессия»

Бұл сабақтың мақсаты — агрессияның себептері мен оның теріс салдарлары туралы түсінік қалыптастыру. Сабақ барысында балаларға агрессияның түрлі түрлері түсіндіріліп, оны басқарудың тәсілдері талқыланды. Мектеп психологы агрессияның теріс әсерінен сақтану, жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру және эмоциялармен дұрыс жұмыс істеу жолдарын көрсетті..




Ссылка: <https://www.instagram.com/reel/DFubpLoMxSc/?igsh=YzVqaXY1cG1nbzdz>

Анықтама 17

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасының "Өнегелі 15 минут" жобасы аясында "Мың алғыс" атты бейнеролик!

Мектеп психологы А. Бауржанқызы мен педагог-ассистент А. Хамитовна және А. Болатовна, сондай-ақ ЕБҚЕ балаларымен бірге Алғыс айту күніне орай бейнеролик дайындады. Бұл бейнеролик балаларға алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, бір-біріне қолдау көрсетудің маңыздылығын түсіндіру мақсатында жасалған.



Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DGk7wzYsAlX/?igsh=MWh1dWwzaHkzamwzaw==>

Анықтама 18

8 Наурыз қарсаңында мектептің педагог- психологы А. Бауржанқызы, педагог-ассистент А. Касенова және А. Какенованың ұйымдастырумен "Ана-өмір шуағы" тақырыбымен бейне роликтері түсірілді. Бұл бейнероликте ерекше білім беруді қажет ететін балалармен бірге аналардың мейірімі мен ыстық ықыласына ризашылық білдіре отырып , олардың балалардың өміріндегі орны мен маңыздылығын көрсетеміз.



Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DG2Q-t0CWzb/?igsh=ajBuOG03ejNneDl6>

Анықтама 19

"Наурызнама" тұжырымдаманың "Жанашыр жүрек" республикалық қайырымдылық акциясы және Біртұтас тәрбие бағдарламасының "Қамқор" жобасы аясында «Гипс және сабын әлемі: Қолдан жасалған өнер» атты керемет мастер-классымыз өтті!

ЕБҚЕ балаларымен гипс пен сабыннан түрлі әдемі бұйымдар жасап, шығармашылықтарын шыңдады. Бұл іс-шара олардың қолөнеріне деген қызығушылығын арттырып, әрқайсысының өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік берді!



Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DHLzS4liBaq/?igsh=bWNnNW13bWpxajVw>

Анықтама 20

В рамках Единой воспитательной программы, ученики из ООП с педагогом-психологом Сапаргалиева А.Б и педагогами-ассистентами Касенова А и Какенова А ШЦДО 43 школы приняли участие в Челлендже, посвященном Дню объятий. Участники смогли поделиться теплом и позитивом, укрепив взаимопонимание и поддержку в коллективе.



Ссылка: <https://www.instagram.com/reel/DHLzWMCi7uR/?igsh=MTBBycnUwejc3NTBuaA==>

Анықтама 21

Была проведена беседа со службой СППС на тему "Поведение", в ходе которой обсуждали важность правильного поведения в различных ситуациях. Ожидаем, что каждый ученик учтет полученные знания и будет применять их в своей повседневной жизни.



Анықтама 22

ЕБҚЕ балаларымен топтық жұмыс барысында олар бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеп, әлеуметтік дағдыларын дамытуға, топта жұмыс істеу қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік алды. Бұл жұмыс балаларға өзара көмек көрсету, тыңдау, түсіну және қолдау көрсету сияқты маңызды қасиеттерді үйретті.

